

Бекітемін
«Облыстық көркемөнерпаздардың
халық шығармашылығы мен
кинобейнеқор орталығы» КМҚК
басшысы Д.Қалқаев
2025 жылғы « » ақпан

«Тобыл – Торғай - тұңғыштардың мекені» атты
«Жас тұлпар» облыстық оқушылар айтысының
ЕРЕЖЕСІ

Айтыстың мақсаты

- Өз өңірімізден шыққан танымал тарихи тұлғалар мен тұңғыштарды насихаттап ұрпақтың санасына сіңіру;
- Болашақ ұрпаққа айтыс өнерін жеткізу, оқушылардың шығармашылық бағытын арттыру, ақындығын қабілетін дамыту;
- Өз ойын поэзия тілімен шебер жеткізе алатын оқушы ақындарды анықтау.

Өткізілетін мерзімі: 2025 жыл, 26 наурыз.

Өтетін жері: Заречный ауылы, «Современник» МҮ.

Ұйымдастырушылар

- Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК;
- «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ;

Айтыстың жалпы сипаттамасы

- I кезең – аудандық деңгейде өтеді;
- II кезең – облыстық айтыс.

Қатысушыларға қойылатын талаптар

- Қатысушылардың ойдан өлең құрастыра білуі, өлеңді суырып салып шығаруы, домбыра тарту шеберлігі, сөз өткірлігі, сөз тапқырлығы, ұлттық киімде өнер көрсетуі талап етіледі.
- Облыстық айтысқа I кезеңнің жеңімпаздары қатыса алады.
- Облыстық ақындар айтысының жеңімпаздары республикалық оқушылар айтысына қатысуға ұсынылады.

Айтыстың өткізілу тәртібі

- I кезең – іріктеу кезеңі;
- II кезең – ақтық сын (*финал*);
- Ақындардың айтысу уақытының ұзақтығы – 20-25 минут.

Қазылар алқасы

- Қазылар алқасының құрамы елімізге танымал ақын-жазушылардан, айтыс өнерінің қыр-сырын білетін кәсіби мамандардан тұрады;
- Қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды.

Өтінімдерді тапсыру шарттары

- Қатысушы жайлы толық ақпарат (аты-жөні, шығармашылық түйіндеме, сыныбы, жетекшісі, байланыс телефоны, айтыстарға қатысқандығы жөніндегі мәлімет) көрсетілуі керек;
- Өтінімдер аудандық (қалалық) білім бөлімдерінен жіберілуі тиіс;
- Өтінімдер hsb@ocsnt.kz электронды почтасы бойынша және Қостанай қаласы, Лермонтов к-сі, 15 үй мекен-жайы бойынша 28-ші ақпан, сағат 17:00 дейін қабылданады.
- **Байланыс телефоны: 8 (7142) 56-01-29, 56-04-10, 8 707 563 31 52.**

Жол шығындары, тамақтану

Жол шығындары, тамақтану жіберуші жақтың есебінен.

**«Тобыл – Торғай - тұңғыштардың мекені» атты
«Жас тұлпар» атты облыстық оқушылар айтысына
өтінім**

Аудан, қала	
Қатысушының аты-жөні	
Жас ерекшелігі	
Оқу орыны, сыныбы	
Шығармашылық түйіндемесі, Айтыстарға қатысқаны туралы мәлімет	
Жетекшісінің аты-жөні, байланыс ұялы телефоны	
Қатысушының байланыс ұялы тел.:	
Қатысушының сапалы суреті	

*(жіберуші жақтың
мекемесінің атауы)*

_____ *(басшысының аты-жөні) (қолы)*